


**IQOS**  
**ILUMA**

P R I M E

Пайдалануышы Нұсқаулығы

## IQOS ILUMA PRIME™ ҚУАТ БЕРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ

Тұтқыш қүйінің  
индикаторлары



Қуат беру  
құрылғысы  
күйінің  
индикаторы

Алынбалы қақпақ (ТОП)




Зарядтау  
жалғасышы



Қуат беру құрылғысының түймесі

## IQOS ILUMA™ ТҰТҚЫШЫ

Сақина




Тұтқыш қүйінің индикаторлары


Тұтқыш түймесі

IQOS ILUMA PRIME™ құрылғысы тек TEREA™ қыздырылатын темекі таяқшаларымен  
(бұдан әрі мәтін бойынша — «темекі таяқшалары») үйлесімді

Зарядтау



Зарядтау кабелі



Куат беру блогы



Толық Пайдаланушы нұсқаулығы, Қолдау Қызметі және **IQOS** пайдаланушыларына арналған кеңейтілген қолдау қызметтері [www.iqos.com/myiqos](http://www.iqos.com/myiqos) веб-сайтында қолжетімді



## МУМКІНДІКТЕР МЕН БАПТАУЛАР

IQOS қолданбасы\*  
көмегімен қосуға  
немесе өшіруге  
болады.

Тіркелу үшін QR кодын  
сканерлеңіз немесе  
[www.iqos.com/iluma](http://www.iqos.com/iluma)  
веб-сайтына кіріп,  
нұсқауларды  
орындаңыз.

\* IQOS қолданбасы сіздің  
еліңізде қолжетімсіз болуы  
мүмкін.

# Пайдалануды бастау жолы



## ҚОСЫҢЫЗ

Куат беру құрылғысының түймесін басып, оны 4 секунд ұстап тұрыңыз, содан кейін босатыңыз. Куат беру құрылғысы мен Тұтқыш күйінің индикаторлары жарықпен баяу жанады.

## ТҰТҚЫШТЫ ЗАРЯДТАҢЫЗ

Тұтқышты зарядтау үшін, оны Куат беру құрылғысына салыңыз да, Алынбалы қақпақты (ТОП) жабыңыз.

Тұтқыш күйінің индикаторы зарядталу деңгейін көрсетеді.





## ҚУАТ БЕРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ЗАРЯДТАҢЫЗ

Бірінші рет қолданар алдында, құрылғыны бастапқы Куат беру блогымен және Зарядтау кабелімен толығымен зарядтаңыз.


(шамамен 135 минут)

# Пайдалану жолы: IQOS ILUMA PRIME™



**1. TEREA™ ТЕМЕКІ ТАЯҚШАСЫН САЛЫҢЫЗ**  
TEREA™ темекі таяқшасын Тұтқыш дірілдей бастағанша және индикатор жыптылықтағанша сүзгідегі сзыққа дейін салыңыз.  
Қыздыру автоматты түрде басталады.


**2. ПАЙДАЛАНУДЫ БАСТАҢЫЗ**  
Тұтқыш дірілдеп, индикаторлар жанғаннан кейін пайдалануды бастауға болады.



**3. ПАЙДАЛАНУДЫ АЯҚТАУ**  
Сеанс аяқталғанға дейін 30 секунд бұрын немесе сізде екі ішке тарту қалғанда, Тұтқыш дірілдейді, ал индикаторлар ак түспен жыптылықтай бастайды.

**4. TEREA™ ТЕМЕКІ ТАЯҚШАСЫН АЛЫҢЫЗ**  
Пайдаланылған TEREA™ темекі таяқшасын алып тастаңыз және оны Ескертулер мен Қауіпсіздік Техникасы жөніндегі Нұсқауларына сәйкес кәдеге жаратыңыз.

## Пайдалану жолы: IQOS ILUMA PRIME™



### 5. ТҮТҚЫШТЫ ЗАРЯДТАУ

Түтқышты зарядтау үшін оны Қуат беру құрылғысына салыңыз.

# Пайдалы кеңестер

## 2 индикатор жаңып түр

Тұтқышты екі рет пайдалануға болады



## 1 индикатор жаңып түр

Тұтқышты бір рет пайдалануға болады



## 2 индикатор жаңып түр

Тұтқышты екі рет пайдалануға болады



## 1 индикатор жаңып түр

Тұтқышты бір рет пайдалануға болады



## ТҰТҚЫШТАҢ ЗАРЯД ДЕҢГЕЙІН ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ

Тұтқышты өзіңізге қарай еңкейтініз немесе түймені басыңыз: Тұтқыш күйінің индикаторы зарядтау деңгейін көрсетеді.

## ҚУАТ БЕРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫНДАҒЫ ТҰТҚЫШТАҢ ЗАРЯД ДЕҢГЕЙІН ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ

Қуат беру құрылғысы түймесін жылдам басып, босатыңыз. Тұтқыш күйінің индикаторы жанады.



## ҚУАТ БЕРУ ҚҰРЫЛҒЫСЫНЫҢ ЗАРЯД ДЕҢГЕЙІН ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ


Қуат беру құрылғысындағы түймені жылдам басып, босатыңыз. Қуат беру құрылғысы күйінің индикаторы жаңып, зарядтау деңгейін көрсетеді.




## АВТОМАТТЫ ТОҚТАТУ

Егер сіз пайдалану процесінде Тұтқыштан TEREAT™ темекі таяқшасын алып тастай бастасаңыз немесе толығымен алып тастасаңыз, құрылғы өшеді.



# Пайдалы кеңестер



**ИНДИКАТОР САРЫ / ҚЫЗҒЫЛТ САРЫ БОЛЫП ЖЫПЫЛЫҚТАЙДЫ**  
Тұтқыштың аккумуляторы таусылған, оны зарядтау қажет.



**ИНДИКАТОРЛАР АҚ ТУСПЕН ЕКІ PET ЖЫПЫЛЫҚТАЙДЫ**  
IQOS ILUMA PRIME™ жұмыс температурасынан тыс (0 °C~40 °C).



**ИНДИКАТОР ҚЫЗЫЛ ТУСПЕН ЖЫПЫЛЫҚТАЙДЫ**  
Куат беру құрылғысын қайта іске қосыңыз. Егер индикатор қызыл түспен жыпымықтауды жалғастыра берсе, Қолдау қызметіне хабарласыңыз (Қазақстан Республикасы үшін 2121 - Қазақстандағы кез келген үялы телефон операторынан қонырау шалушы үшін тегін, немесе 8 8000 80 12 21 - Қазақстандағы кез келген үялы немесе қалалық телефон нөмірінен қонырау шалушы үшін тегін).

**ҚАЙТА ІСКЕ ҚОСУ ЖОЛЫ**  
Тұтқышты Куат беру құрылғысына салыңыз. Куат беру құрылғысының түймесін басып, оны 10 секунд ұстап тұрыңыз, содан кейін босатыңыз. Барлық индикаторлар алдымен өshedі, содан кейін құрылғыны қайта іске қосуды растау арқылы қосылады.



Осы белгі құрылғыны пайдалану кезінде сақтық шараларын сақтау керек екенін білдіреді.

## ЕСКЕРТУЛЕР МЕН ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР

ЖАРАҚАТ АЛМАУ МАҚСАТЫНДА ҚҰРЫЛҒЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕМЕС БҮРЫН, ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ БАРЛЫҚ ЕСКЕРТУ МЕН НҰСҚАУДЫ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ.

Осы Қауіпсіздік Техникасы жөніндегі Ескертулер мен Нұсқаулар туындауы мүмкін барлық ықтимал жағдайларды көрсетпейді, сондықтан пайдаланушыларға құрылғыны пайдалану кезінде сақ болу ұсынылады

ОСЫ ЕСКЕРТУЛЕР МЕН ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛАР МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТТЫ ҚАМТИТЫНДЫҚТАН, ОЛАРДЫ КЕЙІНГІ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ.

Осы Қауіпсіздік Техникасы жөніндегі Ескертулер мен Нұсқаулар IQOS ILUMAT™ және IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларына қолданылады.

### Мақсатты аудитория

- IQOS ILUMAT™, IQOS ILUMA PRIME™ құрылғылары және TEREA™ қыздырылатын темекі таяқшалары (бұдан әрі мәтін бойынша — «темекі таяқшалары») заңнамамен белгіленген жасқа жеткен тұлғаларға ғана арналған.

- IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ құрылғылары және TEREA™ темекі таяқшалары, қарсы жағдайда, темекі немесе құрамында никотин бар өнімдерді қолдана алатын, заңнамамен белгіленген жасқа жеткен тұлғаларға ғана арналған.
- Балалар мен жасөспірімдер ешқандай жағдайда IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын және TEREA™ темекі таяқшаларын пайдаланбауы керек.
- Осы құрылғы мүмкіндігі шектеулі адамдардың, сондай-ақ жеткілікті тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдардың, мұндай адамдар бақылауда болған немесе оларға құрылғыны пайдалану жөнінде нұсқаулар берілген және олар құрылғыны қауіпсіз пайдалануға байланысты қауіптерді түсінген жағдайлардан басқа кездे пайдалануна арналмаған.

### **Темекі және никотин**

- TEREA™ таяқшаларының құрамында тәуелділікті тудыратын никотин бар.
- IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ құрылғылары және TEREA™ темекі таяқшалары денсаулық үшін қауіптерді жоймайды. Темекіге байланысты денсаулыққа қауіпті тәмемдегендің ең жақсы тәсілі — темекі мен никотинді тұтынудан мүлдем бас тарту.
- Кейбір пайдаланушыларда іштің немесе кеуденің ауыруы, тұншығу, жөтел, тыныс алуудың қындауы, бас айналу, ауыздың құрғауы, тамақтың құрғауы, гингивит, бас ауруы, дімкестік, мұрынның бітелуі, жүрек айну, ауыздың тітіркенуі, жүрек қағысының жиілеуі, тамақтың тітіркенуі және құсу пайда болуы мүмкін.
- Құрамында никотин бар өнімдерді жүрек аурулары, қант диабеті, эпилепсия немесе құрысулар немесе олардың пайда болу қаупі бар адамдар пайдаланбауы керек.
- Сонымен қатар, құрамында никотин бар өнімдерді жүктілік немесе бала емізу кезінде пайдалануға болмайды. Егер сіз жүкті болсаңыз, жүктімін деп болжасаңыз немесе емізетін болсаңыз, сізге темекі мен никотинді тұтынудан мүлдем бас тарту керек.
- Егер сіз шылым шегеді тастасаңыз немесе IQOS ILUMA™ немесе IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларына және TEREA™ темекі таяқшаларына немесе никотині бар басқа өнімдерде ауыссаңыз, сізге кейбір дәрілік препараттардың (мысалы, теофиллин, клозапин, ропинирол) дозасын түзету қажет болуы мүмкін.
- Егер сізде жоғарыда көрсетілген қандай да бір симптомдар пайда болса немесе ағымдағы денсаулық жағдайында IQOS ILUMA™ немесе IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын және TEREA™ темекі таяқшаларын пайдалану керек пе деген сұрақтар туындаста, дәрігермен кеңесу керек.

## **▲ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ**

### **▲ ЕСКЕРТУ Тұншығу, жұту және жарақат алу қаупі**

- IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын және TEREA™ темекі таяқшаларын әрқашан балалар мен жануарлардан алшақ жерде сақтаңыз.
- ТҰНШЫҒУ ҚАУПІ - TEREA™ темекі таяқшаларында өткір металл құрамадас бар.
- ЖҰТЫП ҚОЮ ҚАУПІ
  - TEREA™ темекі таяқшаларын жұтып қойған жағдайда ішкі ағзаларға ауыр зақым келтірілу мүмкін, себебі олардың құрамында өткір металл құрамадас бар.
  - TEREA™ темекі таяқшаларын жұтып қойған жағдайда, олар никотинмен улануға әкелуі мүмкін.
  - TEREA™ темекі таяқшаларын жұтып қойған жағдайда, дереу медициналық көмекке жүгініүіз керек.
- ЖАРАҚАТ АЛУ ҚАУПІ
  - TEREA™ темекі таяқшаларын бөлшектеменіз — оларда өткір металл құрамадас бар. TEREA™ темекі таяқшаларын қолданып болғаннан кейін, түрмистық қалдықтарды кәдеге жарату бойынша жергілікті ережелерді ұстана отырып, бірден лактырыңыз.

**▲ ЕСКЕРТУ**

Электрондық құрылғылар мен аккумуляторларға байланысты қауіптер

Электр тогымен зақымдану қаупі Осы ескертулер мен қауіпсіздік техникасы нұсқауларын сақтамау өртке, жарылысқа, электр тогымен зақымдануға, жарақатқа немесе өзіне, басқа адамдарға, бүйімға немесе басқа мүлікке зақым келтіруге алып келуі мүмкін:

- IQOS IQOS ILUMA™ және IQOS ILUMA PRIME™ құрылғылары тек мақсатты аудиторияға арналған.
- Электрондық құрылғыларды пайдалануға тыйым салынған жерлерде IQOS ILUMA™ немесе IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Зақымдалған, ашылған немесе сынған IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын немесе аксессуарларын зарядтамаңыз немесе пайдаланбаңыз.
- Батареяның ағып кетуіне күмәндансаңыз, IQOS ILUMA™ немесе IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- IQOS ILUMA™ және IQOS ILUMA PRIME™ атты құрылғылар үй-жайда, бұл үшін дайындаушы мақұлдаған Зарядтау

кабелі (жиынтықта жеткізіледі) және қуат беру блогы (жиынтықта жеткізіледі) көмегімен зарядталуы керек. Даірындаушы мақұлдамаған аксессуарларды қолданбаңыз. Қазақстан Республикасындағы тұтынушылар үшін құрылғы туралы толық ақпаратты [kz.iqos.com](http://kz.iqos.com) сайтында, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасындағы тұтынушылар үшін – [iqos.com](http://iqos.com) сайтында немесе осы Пайдаланушы Нұсқаулығының «Техникалық Сипаттамалар» бөлімінде табуға болады.

- Бұл өнімді тек қауіпсіз аса тәмен кернеумен зарядтауға болады. Толық ақпаратты осы Пайдаланушы нұсқаулығының «Техникалық сипаттамалар» бөлімінен қараңыз.
- IQOS ILUMA™ немесе IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын температурасы жоғары жерлерде (мысалы, жазда автомобильде немесе радиаторлар мен ашық от сияқты жылу көздерінің жанында) пайдалануға, зарядтауға және сақтауға тыйым салынады.

- Тұтанатын материалдар, сұйықтықтар немесе газдар бар жерлерде IQOS ILUMA™ немесе IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын, қуат блогын және зарядтау кабелін кез келген сұйықтықтардың әсеріне ұшыратпаңыз. Бұл құрылғы дымқыл болса немесе сұйықтыққа батырылса, оны ұстамаңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін суды, сұйықтықтарды, еріткіштерді, химикаттарды және басқа да тазартқыш құралдарды қолданбаңыз.
- Бөгде бөлшектердің (мысалы, шаң бөлшектері) жиналуын болдырмау үшін IQOS ILUMA™ және IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларының зарядтау портын үнемі тазалап отырыңыз және ағытпаны қолданар алдында портта бөгде бөлшектердің баржоғын тексеріңіз.
- Құрылғыны ұқыпты түрде қолдану керек. IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын лақтыруға және оларды қатты шайқауға тыйым салынады.

- Бұл құрылғыда пайдалануышы қызмет көрсететін бөлшектер жоқ. IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларының қандай да бір құрамдас бөліктерін ашуға, өзгертуге, қызмет көрсетуге, бөлшектеуге немесе жөндеуге немесе кез келген құрамдас бөліктерді немесе батареяны ауыстыруға тырыспаңыз.
- IQOS ILUMA™ және IQOS ILUMA PRIME™ зарядтау құрылғысы мен тұтқышы IQOS (IQOS 2.4, IQOS 2.4 PLUS (IQOS 2.4 P), IQOS 3, IQOS 3 MULTI, IQOS 3 DUO, IQOS ORIGINALS DUO) құрылғыларының алдыңғы буындарымен үйлесімді емес. IQOS (IQOS 2.4, IQOS 2.4 PLUS (IQOS 2.4P), IQOS 3, IQOS 3 MULTI, IQOS 3 DUO, IQOS ORIGINALS DUO) алдыңғы буындарының зарядтау құрылғыларында IQOSILUMA™ немесе IQOS ILUMA PRIME™ тұтқыштарын зарядтауға тырыспаңыз. IQOSILUMA™ немесе IQOS ILUMA PRIME™ зарядтау құрылғыларында алдыңғы буындағы IQOS тұтқыштарын зарядтауға тырыспаңыз.
- Құрылғы шамадан тыс сүйқ, жылу немесе ылғал әсеріне ұшыраса, оны қолданбаңыз.

- IQOS ILUMA™ немесе IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларына және (немесе) олардың аксессуарларына, егер олар қызып кетсе, ұшқын шығарса, тұтін шығарса, тұтанса немесе жанса, қол тигізбеніз. Бұл қолданылатын және мүмкін болса, құрылғыны қуат көзі желісінен ажырату немесе сөндіру кезінде абай болыңыз.
- Қыздыру камерасына TEREА™ темекі таяқшаларынан басқа қандай да бір заттарды салуға тырыспаңыз.
- Құрылғыны тек 0 °C-тан 40 °C-қа дейінгі температурада пайдалануға болады.
- TEREА™ темекі таяқшалары тек бір рет қолдануға арналған: оларды қайта қолдануға, сіріңкемен, оттықпен немесе кез келген от көзімен жағуға болмайды.

#### **Аккумулятормен байланысты қауіптер**

IQOS ILUMA™ және IQOS ILUMA PRIME™ құрылғылары қымтаулы литий-ионды (Li-ion) батареялармен жұмыс істейді. Қалыпты пайдалану жағдайында аккумулятор қымтақты болып келеді. Аккумулятордан сұйықтықтың аққанын байқасаңыз, келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- Аккумулятордан ағып жатқан сұйықтықты жұтып қойсаңыз, дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Өздігінізден құсуға тырыспаңыз, ештеңе жеменіз және ішпеніз.
- Аккумулятордан ағып жатқан сұйықтықтың буларын деммен тартқан кезде таза ауамен тыныс алыңыз және медициналық көмекке жүгініңіз.
- Аккумулятор сұйықтығы теріге тиғен жағдайда, терінің зардал шеккен аймағын, соның ішінде қолыңызды жуыңыз, бірақ көзге тигізбеніз.
- Аккумулятор сұйықтығы көзге түскен жағдайда оларды дереу таза ағынды сүмен кем дегенде 15 минут бойы шайыңыз және медициналық көмекке жүгініңіз.

## **▲ АБАЙЛАҢЫЗ Термиялық күйік қаупі**

Каяңпіздік Техникасы жөніндегі осы Ескертулер мен Нұсқауларды сақтамау термиялық күйікке ақелуі мүмкін:

- IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын және TEREAT™ темекі таяқшаларын таза, құрғақ және салқын жерде сақтаңыз.
- IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын және TEREAT™ темекі таяқшаларын жоғары ылғалдылықтың немесе күн сәулеесінің тікелей әсеріне ұшыратпаңыз.
- Қатты қыздырудың немесе ылғалдылықтың әсеріне ұшыраған TEREAT™ темекі таяқшаларын қолданбаңыз.
- Пайдалану кезінде TEREAT™ темекі таяқшаларын шығармаңыз

## **▲ АБАЙЛАҢЫЗ Аллергиялық реакция туындау қаупі**

- IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын және TEREAT™ темекі таяқшаларын пайдалану аллергиялық реакцияны тудыруы мүмкін, мысалы, беттің, еріннің, тілдің, қызыл иектің, тамақтың немесе дененің ісінуі, тыныс алуудың қындауы немесе қырылдар.
- Егер жоғарыда аталған симптомдардың кез келгені пайда болса, IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын және TEREAT™ темекі таяқшаларын пайдалануды тоқтатыңыз да, дереу медициналық көмекке жүргініз, себебі олар ауыр аллергиялық реакцияны көрсетуі мүмкін.

## **TEREA™ темекі таяқшаларын қолдану**

- IQOS ILUMA™ және IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын тек IQOS ILUMA™ және IQOS ILUMA PRIME™ индукциялық қыздыру жүйесіне арналған TEREAT™ қыздырылатын темекі таяқшаларымен ғана пайдаланыңыз.
- IQOS ILUMA™ немесе IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларын өндіруші мақұлдамаған басқа өнімдермен ешқашан пайдаланбаңыз.
- IQOS құрылғыларының алдыңғы буындарымен (IQOS 2.4, IQOS 2.4 PLUS (IQOS 2.4P), IQOS 3, IQOS 3 MULTI, IQOS 3 DUO, IQOS ORIGINALS DUO) TEREAT™ темекі таяқшаларын пайдаланбаңыз
- TEREAT™ темекі таяқшаларын түрлендірмөніз және оларға ешқандай зат қоспаңыз. Бұл жарақаттануға ақелуі мүмкін.

## **Сақтау**

- Құрылғыны таза, құрғақ және салқын жерде сақтау керек. Құрылғыларды 60 °C-тан жоғары температурада сақтамаңыз.
- Құрылғыларды балалар мен жануарларға қолжетімсіз жерде сақтаңыз.

## **Тұтынушының физикалық жай-күйіне болжамды әсер ету немесе жазатайым оқиғалар жайлы ақпарат беру**

- Егер IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ және (немесе) TEREAT™ темекі таяқшаларын пайдалану сіздің денсаулығызыға теріс әсер етсе, дәрігеріңізben кеңесіңіз.
- Сіз кез келген қолайсыз тәжірибе немесе оқыс оқиға туралы жергілікті Қолдау Қызметіне тікелей хабарлай аласыз (толығырақ «Қолдау Қызметі және Сапа Кепілдігі» кітапшасынан қараңыз). Қолайсыз тәжірибе немесе оқиға туралы хабарлау арқылы сіз осы өнімнің қауіпсіздігі туралы толығырақ ақпарат беруге көмектесесіз.
- Қазақстан Республикасындағы тұтынушыларға арналған қосымша мәлімет kz.iqos.com сайтында көлтірілген.

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

### Тұтқыш:

IQOS ILUMA™

Үлгісі: C1402

Салмағы: 30 г IPX0

Аккумулятор түрі: литий-ионды қайта қуатталатын аккумулятор

Кіріс көрнеуі: 5 В  1,6 А

Малайзияда жасалған

### Қуат беру құрылғысы:

IQOS ILUMA PRIME™

Үлгісі: C1502

Салмағы: 139 г IPX0

Аккумулятор түрі: литий-ионды қайта қуатталатын аккумулятор

Кіріс көрнеуі: 5 В  2 А

Bluetooth 5.0 технологиясымен

Малайзияда жасалған

### Қуат беру құрылғысы:

IQOS ILUMA™

Үлгісі: M0001

Салмағы: 115 г IPX0

Аккумулятор түрі: литий-ионды қайта қуатталатын аккумулятор

Кіріс көрнеуі: 5 В  2 А

Bluetooth 5.0 технологиясымен

Малайзияда жасалған

Сіздің жиынтығыңызға кіретін элементтер туралы ақпарат қаптамада көрсетілген.

IQOS ILUMA™ және IQOS ILUMA PRIME™ Қуат беру құрылғысы IQOS ILUMA™ және IQOS ILUMA PRIME™ индукциялық қыздыру жүйесін арнайы сол үшін әзірленген түпнұсқалық. Қуат беру блогы модельдерін пайдалану арқылы ғана қуаттау ұсынылатындығын білдіретін  және «SxxAxx» таңбаларымен белгіленген.

### Қуат беру блогы:

Үлгісі: S52A21, S21A20, S21A22, S21A23, S21A25, S21A27, S82A40, S82A41, S82A42, S82A43, S82A45, S82A46

Салмағы: 42 гр IP20

Кіріс көрнеуі: 100–240 В~50–60 Гц 0,3 А

Шығыс көрнеуі: 5 В  2 А

Шығыс қуаты: 10,0 Вт

Орташа белсенді тиімділік: 79,0 %

Жүктеме болмаған кезде тұтынылатын энергия: <0,09 Вт

Қытайда жасалған

### Зарядтау кабелі С түрі – С түрі

Қытайда жасалған

## IQOS ILUMA™ ЖӘНЕ IQOS ILUMA PRIME™ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ТУРАЛЫ

### АҚПАРАТ Еуропа Одағы мен Еуропалық экономикалық аймақ үшін жарамды

 Өнімдегі немесе оның қаптамасындағы бұл белгі осы өнім мен оның жеке бөлшектерінің (аккумуляторларды қоса алғанда) басқа түрмистық қалдықтармен бірге кәдеге жаратылмайтындығын білдіреді. Оның орнына, пайдаланылған жабдықты электрлік және электрондық құрылғыларын қайта өңдеуге арналған арнайы қабылдау пунктіне арқылы істен шықкан құрылғыны кәдеге жаратузызы керек. Сонымен істен шықкан қондырғыны бөлек жинау және кәдеге жарату (аккумуляторлармен қоса) табиги ресурстарды сақтауға көмектеседі және адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етеді. Истен шықкан қондырғыны сұрыпталмаған түрмистық қалдық ретінде кәдеге жарату

(мысалы, оны жандыру немесе үйіндіге шығару) қоршаган орта үшін және адам денсаулығы үшін жағымсыз салдарға алып келуі мүмкін. Құрылғының қайта өңдеуге қайда өткізе алатындығының туралы қосымша ақпаратты алу үшін жергілікті әкімшілікпен байланысыңыз.

## АККУМУЛЯТОРЛАРДЫ ШЫҒАРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛАР (КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨҢДЕУ ҮШІН)

Тұтынушыға құрылғыдан аккумуляторды шығаруға тыйым салынады. Құрылғының қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін аккумуляторды тек келесі қадамдарды жасай отырып кәдеге жарату бойынша үәкілдепті үйим ғана шығара алады.

IQOS ILUMA PRIME™ қуаттау құрылғысы (C1502 үлгісі):

- 1-қадам. Бөлшектеудің алдында құрылғыны толығымен токтан ажыратыңыз.
- 2-қадам. Қуаттау құрылғысының қақпағынан резенкелі төсөнішті алып тастаңыз/желімнен ажыратыңыз.
- 3-қадам. Екі бұраманы бұраңыз.
- 4-қадам. Қақпақты металл корпустан тігінен баяу жылжыта және тарта отырып алып тастаңыз, содан соң жиектеменің 2 бұрамасын бұрап шығарыңыз.
- 5-қадам. Қуаттау құрылғысының басып шығару платасын алу үшін барлық икемді басып шығару платалары мен жалғаштыарын ажыратыңыз.
- 6-қадам. Жоғарыға қисайта отырып аккумуляторды шығарыңыз, және жергілікті ережелерге сәйкес кәдеге жаратыңыз.

IQOS ILUMA™ қуаттау құрылғысы (M0001 үлгісі):

- 1-қадам. Бөлшектеудің алдында құрылғыны толығымен токтан ажыратыңыз.
- 2-қадам. Саусақпен іліп алып қақпақты алып тастаңыз.
- 3-қадам. Панельді ашыңыз және төменгі және жоғары бұрамаларды бұрап ашыңыз.
- 4-қадам. Қуаттау құрылғысының корпусын шығарыңыз.
- 5-қадам. Электронды платаны бұрап шығарыңыз (тек 1 бұрама).
- 6-қадам. Платадағы аккумулятор жалғаштырын ажыратыңыз. Аккумулятор сымдарын кесіп тастамаңыз.
- 7-қадам. Жоғарыға қисайта отырып аккумуляторды шығарыңыз, және жергілікті ережелерге сәйкес кәдеге жаратыңыз.

IQOS ILUMA™ және IQOS ILUMA PRIME™ тұтқышы (C1402 үлгісі):

- 1-қадам. Бөлшектеудің алдында құрылғыны толығымен токтан ажыратыңыз.
- 2-қадам. Шығышты ашыңыз.
- 3-қадам. Бекіткіш қақпағын ашыңыз және корпустан жинақтаушы блокты тартыңыз.
- 4-қадам. Дәнекерді сындырыңыз және аккумулятор шығыңқысын көтеріңіз.
- 5-қадам. Аккумуляторды шығарыңыз және оны жергілікті ережелерге сәйкес кәдеге жаратыңыз.

### Сәйкестікті растау

Осы арқылы «Филип Моррис Продактс С.А.» IQOS ILUMA™ және IQOS ILUMA PRIME™ 2014/53/EU директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Ресми Сәйкестік декларациясын келесі мекенжай бойынша табуға болады: [www.pmi.com/declarationofconformity](http://www.pmi.com/declarationofconformity)

Зарядтау кабелінің дайындалған күні қаптамада көрсетілген. Жарамдылық мерзімі орнатылмаған.

Қолдау Қызметі телефонына қоңырау шалып, Тұтқыштың қалпақшасының астына немесе Қуат беру құрылғысының бүйірлік панеліне жазылған 14 таңбалы әріп-сандық кодты хабарлай отырып Тұтқыштың немесе Қуат беру құрылғысының дайындалған жылын анықтауға болады.

Қуат беру блогының дайындалған жылына Қуат беру блогына енгізілген сериялық нөмірдегі бірінші сан сәйкес келеді (SN: YWWDXXXX), мұндағы Y = жыл (1 = 2011; 2 = 2012 және т.б.).

Көрсетілген элементтердің қайсысының сіздің IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ индукциялық темекі қызыдыру жүйелері жиынтығыныңға кіретіндігі туралы ақпаратты сіз қаптамадан таба аласыз.

IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ индукциялық темекі қызыдыру жүйелері элементтерінің қызмет ету мерзімі сатып алу күнінен бастап 12 айды құрайды.

Сақтау шарттары: 0 °C бастап +60 °C дейінгі температурада, 10% бастап 90% дейінгі салыстырмалы аяу ылғалдылығында құргақ желдетілетін қоймалық үй-жайларда. Жұмыстық температуралар аралығы 0 °C бастап +40 °C дейін.

Дайындаушы беретін Сапа Кепілдігі туралы ақпарат Кепілдік Талонында болады.

Импорттаушы, өнім беруші және тұтынушылардың шағымдарын қабылдайтын үйим: «Филип Моррис Қазақстан» ЖШС, Илияс Жансүгіров көшесі, 90, Өтеген батыр ауылы, Іле ауданы, Алматы облысы, Қазақстан, B40A6M8

Осы құжатта Қазақстан Республикасындағы тұтынушыларға арналған ақпарат қазақ және орыс тілдерінде

IQOS ILUMA™, IQOS ILUMA PRIME™ құрылғыларындағы Bluetooth қызметі 2,402 – 2,480 ГГц жиіліктер ауқымында, 10,0 дБм ең жоғары шығыс радиожиілікті куатымен жұмыс істейді. 2,402 – 2,480 ГГц жиілік ауқымында және максималды шығыс радиожиілік куаты 10,0 дБм-нан төмен шамада жұмыс істейді.

Philip Morris Products S.A. тапсырысы бойынша жасалған, Кэ Жанрено 3, 2000, Ньюшатель, Швейцария.



Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясына тиесілі тіркелген сауда белгілері болып табылады және Philip Morris Products S.A. компаниясы мен оның үлестес компаниялары осындағы белгілерді пайдалануды лицензия бойынша жүзеге асырады. Басқа сауда белгілері мен сауда атаулары олардың тиісті иелерінің меншігінде.

Қайіпсіздік техникасы жөніндегі осы ескертулер мен нұсқауларда тізімделген құрылғылардың кейбірі осы мобиЛЬДІ жинаққа кірмейді.

© 2021 Philip Morris Products S.A.

IQOS тауар белгісі “Филип Моррис Продактс С.А.”, Кэ Жанрено 3, 2000, Ньюшатель, Швейцария тиесілі.

